

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 қарашадағы N 1789 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., N 12, 86-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесінде:

2-тармақтың бесінші абзацында "жергілікті бюджеттік бағдарламалардың бекітілген паспорттарына" деген сөздер "мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацта "(кіші бағдарламаларды)" деген сөздер алынып тасталсын;
бесінші абзац алынып тасталсын;
тоғызыншы абзацта "жергілікті бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) паспорттында көзделген іс-шараларды орындау мерзіміне," деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

оныншы абзацта "немесе паспортта көзделген әрбір жергілікті бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша тиісті қаржы жылы ішінде іс-шараларды іске асыру мерзіміне сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

10-тармақтың екінші абзацы мынадай редакция да жазылсын:

"Бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісін қаржыландыру жоспарларының жылдық сомасы кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген, мәслихаттың кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешімімен бекітілген сомаларына с ә й к е с к е л у і ти і с . " ;

1 1 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

үшінші абзац алынып тасталсын;
12-тармақта "Республикалық бюджет бойынша", "орталық", "Республикалық"
деген сөздер алынып тасталсын;

13-тармақта:
бірінші абзацта:
"орталық" деген сөз алынып тасталсын;
"республикалық бюджет туралы заң" деген сөздерден кейін "және
мәслихаттардың жергілікті бюджеттер туралы шешімдері" деген сөздермен
толықтырылсын;

екінші абзац алынып тасталсын;
14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджетке түсетін түсімдердің жоспары және ерекшеліктер бойынша
бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін бюджетке
түсетін түсімдердің жылдық көлемі тиісті бюджет түсімдерінің сомасына және
кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңда немесе
мәслихаттың кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы
шешімінде бекітілген түсімдердің санаттары, сыныптары және кіші сыныптары
бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілетін бюджетке түсетін
түсімдердің көлеміне, ал ерекшеліктер бөлінісінде бюджет атқару жөніндегі
уәкілетті органның бұйрығына сәйкес келуі тиіс.

Салықтық, салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатудан түсетін
түсімдерді, трансферттерді, бюджет кредиттерін өтеу сомасын, мемлекеттің
қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдерді, қарыздарды өндіріп алуға жауапты
уәкілетті органдар бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға осы Ереженің 9 -
12-қосымшаларына сәйкес айлар бөлінісінде ҚР ББС-ның бюджет түсімдерінің
сыныптамасына сәйкес қалыптастырылған түсімдер жоспарларының жобаларын
ұсынады.

Осы жобалар бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бұйрығы
қабылданғаннан кейін 2 күннің ішінде беріледі.";

16-тармақтың екінші абзацында үшінші сөйлем алынып тасталсын;
18-тармақ алынып тасталсын;

19-тармақтың екінші абзацында "(кіші бағдарламалар)", "мәслихаттың тиісті
қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешімін іске асыру туралы
жергілікті атқарушы органдардың қаулыларына" деген сөздер және төртінші
абзац алынып тасталсын;

26-тармақтың алтыншы және тоғызыншы абзацтарында "(кіші бағдарламасы)
", "және кіші бағдарламасы" деген сөздер алынып тасталсын;

30-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен
толықтырылсын:

"Бұл ретте кіріс түсімдерінің жоспарларын өзгертуге арналған өтінімдер есепті кезең аяқталғанға дейін кемінде жеті жұмыс күні бұрын беріледі."

3 3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

екінші абзац алынып тасталсын;

3 4 - т а р м а қ т а :

оныншы абзацта "(кіші бағдарлама)" деген сөздер алынып тасталсын;

он бірінші абзацта "жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда," деген сөздер алынып тасталсын;

3 6 - т а р м а қ т а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы 4 данада бекітеді, олардың біреуін мемлекеттік мекемеге жібереді, екіншісін өзінде қалдырады, үшіншісін және төртіншісін осы Ереженің 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша 2 данадағы тізіліммен бірге аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жібереді, мұнда осы анықтаманы қабылдауы туралы қазынашылық органының белгісі соғылған төртінші дана тиісті бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға олар бюджеттік мониторинг жүргізген кезде пайдалануы үшін жіберіледі."

алтыншы абзацтағы "ағымдағы жылдың оныншы күнінен" деген сөздер "ағымдағы айдың оныншы күнінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

38-тармақтың бірінші абзацында ", ал жергілікті бюджет бойынша бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

39-тармақтың бірінші абзацында ", ал жергілікті бюджеттер бойынша бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

41-тармақтың төртінші абзацында "арттыру жолымен" деген сөздерден кейін "ағымдағы және" деген сөздермен толықтырылсын;

47-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

48-тармақта "республикалық" деген сөз алынып тасталсын;

5 3 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта ", ал жергілікті бюджет бойынша бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші абзацта ", жергілікті бюджеттер бойынша бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджет нақтыланған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның кезекті қаржы жылына арналған бюджет түсімдерінің сыныптамасына сәйкес түсімдердің жылдық болжамдық сомаларын бекіту туралы бұйрыққа

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң немесе мәслихаттың кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихаттың шешімі қабылданған күннен бастап 5 күннің ішінде бекітіледі.";

58-тармақта ", ал жергілікті бюджеттер бойынша" және "бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) тізбесін" деген сөздер алынып тасталсын;

59 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Бюджет комиссиясының шешімі негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджет қаражатының қалдықтары есебінен тиісті бюджеттік бағдарламалардың жылдық жоспарлы тағайындауларын арттыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган қаулысының жобасын әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне енгізеді.";

62 - тармақта :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік органдарды, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарды және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді құруға, таратуға, қайта ұйымдастыруға, функцияларын өзгертуге байланысты бекітілген (нақтыланған) бюджет көрсеткіштерін түзету жөніндегі қаулының жобасын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне енгізеді.";

үшінші абзац алынып тасталсын;

төртінші абзацта ", ал жергілікті бюджеттер бойынша" және "бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар)" деген сөздер алынып тасталсын;

78-тармақтың екінші абзацында "көрсетіліп" деген сөз "ағымдағы қаржы жылының аяғына дейін көрсетілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар туралы заңнамасына сәйкес жасалған халықаралық шарттар мен халықаралық ынтымақтастықты және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру көзделген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайлардан басқа, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес резидент емес жеткізушілермен жасалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуға арналған шарттар бюджеттік бағдарлама әкімшісінің шетел валютасында шоттар ашуға қолдау хатты ұсынуына негіз болып табылады.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі шетел валютасында шоттар ашуға қолдау хатты ұсынудың негізділігін қамтамасыз етеді.";

87-тармақтың екінші абзацында "өзгерткеннен кейін оған" деген сөздерден кейін "осы тарауда белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

88-тармақта "шотын" деген сөз "ҚБШ-сын, шетел валютасындағы шоттарды және ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-сын" деген сөздермен ауыстырылсын;

117-тармақта "немесе байланысты гранттар жөніндегі халықаралық шарттың (бұдан әрі - қарыз/грант туралы келісім)" деген сөздер "халықаралық шарттың (бұдан әрі - қарыз/грант туралы келісім) немесе байланысты гранттар жөніндегі келісімнің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 141-1-тармақпен толықтырылсын:

"141-1. Аудан (облыстық маңызы бар қала) түсімдерінің бюджет сыныптамасының тиісті сыныбы бойынша жыл басынан бастап салықтық емес түсімдерді қайтару және (немесе) есептеу сомасы жеткіліксіз болған кезде қайтару және/немесе есептеу тұтастай алғанда облыс бойынша түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті сыныбы бойынша жыл басынан бастап іс жүзінде түскен сомалар шегінде жүзеге асырылады. Тұтастай алғанда облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті сыныбы бойынша жыл басынан бастап салықтық емес түсімдерді қайтару және (немесе) есептеу сомасы жеткіліксіз болған кезде қайтару және (немесе есептеу) тұтастай алғанда республика бойынша түсімдердің бюджеттік сыныптамасының тиісті сыныбы бойынша жыл басынан бастап іс жүзінде түскен сомасы шегінде жүргізіледі, бұл ретте облыс бойынша бюджет түсімдері сыныптамасының осы сыныбы бойынша дебеттік қалдықтарға р ұ қ с а т е т і л е д і . " ;

143-тармақтың бірінші абзацында "бюджет" деген сөзден кейін "түсімдерінің" деген сөзбен толықтырылсын;

147-тармақтың бірінші абзацында "жиырма бесінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

166 - тармақта :

1) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"ақшаны алушының толық деректемелерін көрсете отырып, мемлекеттік мекеменің растама хаты (ақшаны алушы резидент емес болып табылатын жағдайда) . " ;

2) тармақшаның бірінші абзацында "кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын" деген сөздер алынып тасталсын;

170 - тармақта :

он алтыншы абзацта "ақша алушының банкінің атауы және БСК-сі" деген сөздерден кейін ", банктің қаласы" деген сөздермен толықтырылсын, "атауы

және БСК-сі" деген сөздер "атауы, БСК-сі және банк қаласы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

жиырма сегізінші абзацта екінші сөйлем алынып тасталсын;

175-тармақтың жетінші абзацында:

"Ұшып кететін сиялар" деген сөздердің алдынан "Мемлекеттік мекемелер мен ақша алушыларға" деген сөздермен толықтырылсын;

"мөр бедерін, ол лауазым атауы мен қолдың бір бөлігін қамтитындай етіп қойған жөн;" деген сөздер алынып тасталсын;

177 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "сәйкес келмеген кезде" деген сөздерден кейін "аумақтық қазынашылық бөлімшесі өтінім мен оған қоса берілген құжаттарды" деген сөздер алынып тасталсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

үшінші абзацта "бұл ретте" деген сөздерден кейін "өтінімнің" деген сөзбен толықтырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

178-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"5 (бес) миллион теңгеден асатын сомаға хабарландыруды сипаттау жолында төлемнің тағайындалуын сипаттаудан басқа бенефициардың ИИК-і және банктің Б И К - і к ө р с е т і л е д і . " ;

185 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Ұшып кететін сиялар құйылған фломастермен және автоқаламмен қол қоюға және қолды факсимильді көшіру құралдарын пайдалануға жол берілмейді.";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік мекеме ақшаны алушымен тиісті бюджеттің кірісіне ұсталған тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсім) сомасын мемлекеттік мекеменің аударуы туралы қосымша келісім жасасқан жағдайда 69-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламаға қол қойылмайды.";

195 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "тізілімнің екі данасына" деген сөздерден кейін "және тізілімге қоса берілген төлеу шоттарына" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"ақшаны алушының толық деректемелерін көрсете отырып, мемлекеттік мекеменің растама хатын (ақшаны алушы резидент емес болып табылатын жағдайда) " ;

2) тармақшаның бірінші абзацында "кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын" деген сөздер алынып тасталсын;

197-тармақтың тоғызыншы абзацы алынып тасталсын;

199 - т а р м а қ т а :

отыз бірінші абзацта "ұйымдастыру-құқықтық нысанының атауын" деген

сөздерден кейін "және ақша алушының атауын" деген сөздермен толықтырылсын ;

отыз үшінші абзацта "банктің атауы" деген сөздерден кейін "және қаласы" деген сөздермен толықтырылсын ;

отыз сегізінші абзацта "құжаттың атауы," деген сөздерден кейін "нөмірі мен күні" деген сөздермен толықтырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

қырық бесінші абзацтың екінші сөйлемі алынып тасталсын.

қырық тоғызыншы абзацта "КНП" деген аббревиатура "ТМК" деген аббревиатурамен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

236-тармақтың бірінші абзацында "бес" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

мынадай мазмұндағы 30-1-тараумен толықтырылсын:

"30-1-Тарау. Есептеудің аккредитивті нысанын пайдалану

237-1. Шетел валютасында жасалған шарттар бойынша Қазақстан Республикасының резидент еместерінің пайдасына шетел валютасында төлемдер және ақша аударуды жүзеге асыру кезінде құжаттық аккредитивті (бұдан әрі - аккредитив) қолдана отырып, есеп айырысу нысанын пайдалануға жол беріледі.

237-2. Аккредитив ағымдағы қаржы жылына көзделген шарт сомасының шегінде және шетел валютасындағы шарттың қолданылу мерзіміне ашылады. Бұл ретте шартты ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанына дейінгі немесе ағымдағы қаржы жылынан асатын қолданылу мерзімімен шарт жасасқан жағдайда аккредитивтің қолданылу мерзімі аккредитив ашылған қаржы жылының 15 желтоқсанынан кешіктірмей белгіленеді.

237-3. Аккредитивті шетел валютасында ашу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ҚР ҰБ белгіленген тәртіппен ресімделетін және ұсынылатын өтінімді ұсынады. Осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркелген аккредитивті пайдалану көзделген шарт өтінімді ресімдеу үшін негіз бо л ы п та б ы л а д ы .

237-4. Аккредитив трансферленбейтін (аударылмайтын) болуы тиіс.

237-5. Аккредитив ҚР ҰБ-да ашылады. Есептеудің аккредитивті нысанын қолдана отырып жасалған шарттың талаптарында аккредитивпен көзделген құжаттарды тиісті ұсынуға дейін банк-эмитентте (ҚР ҰБ) аккредитив бойынша жа б у д ы н бо л у ы кө з д е л е д і .

237-6. Аккредитивтің талаптарының мерзімнен бұрын орындалуына не аккредитивті қолдану мерзімінің аяқталуына байланысты шетел валютасындағы а к к р е д и т и в жа б ы л а д ы .

237-7. Шетел валютасындағы аккредитивтің пайдаланылмаған сомасы аккредитивтің қолданылу мерзімі аяқталған соң, қайта айырбастау жөніндегі рәсімдерді жүзеге асырғаннан кейін шетел валютасы айырбасталған шығыстар

БСК бойынша ағымдағы қаржы жылының кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен есепке алынады.

237-8. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік мекемелердің аккредитив сомаларының есебін жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 241-1-тармақпен толықтырылсын:

"241-1. Атқару құжаттарының негізінде ұсынылған инкассалық өкімді орындау шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшелігі бойынша жасалады. Атқару құжаттарын, сот актілерін орындауға арналған шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша қаражат жетіспеген не жоқ болған жағдайда инкассалық өкімді орындау жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу жолымен жүзеге асырылады.";

246-тармақтың бірінші абзацында "бір жыл бойы" деген сөздер "ағымдағы қаржы жылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 5 4 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның тоғызыншы абзацында "қоспағанда, инкассалық өкім қойылған жағдайда" деген сөздер "қоспаған жағдайда" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "талап-арыздарды қамтамасыз етуге" деген сөздерден кейін " тыйым салу қолданылатын" деген сөздермен толықтырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

256-тармақта "Атқарушы құжаттарды" деген сөздерден кейін ", сот актілерін" деген сөздермен толықтырылсын;

257-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім жасасқаннан кейінгі он күннің ішінде, сондай-ақ оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейінгі он күннің ішінде олардың көшірмелерін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға олар бюджеттік мониторинг жүргізген кезде пайдалану мақсатында жібереді.";

262-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ағымдағы қаржы жылы жоғары тұрған бюджеттен алынған, жоғары тұрған бюджетті нақтылау (түзету) немесе секвестрлеу кезінде азайтылған (шығарып тасталған) нысаналы трансферттер сомасын қайтару үшін төмен тұрған бюджеттер белгіленген тәртіппен тиісті бюджетті нақтылауды (түзетуді) жүзеге асырады. Төмен тұрған бюджеттер жоғары тұрған бюджет әкімшісінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының тиісті кодынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына немесе мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулылары қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке азайтуға немесе алып тастауға жататын нысаналы трансферттер сомасын қайтаруды қамтамасыз етеді." ;

295-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шетел валютасында түсімдердің аумақтық тиесілігін анықтау мүмкіндігі болмаған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның жауапты орындаушысы шетел валютасындағы түсімдер сомасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның 0900НП "Анықтауға дейінгі шетел валютасындағы сомалар" ерекшелік кодына есепке алады.";

296-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"296. Аумақтық қазынашылық бөлімше және/немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган шетел валютасында түскен сома аударылған, электрондық төлем құжаттарында деректемелердің толық немесе дұрыс көрсетілмеуі нәтижесінде төлемнің мақсатын анықтауға болмайтын 0900НП "Анықтауға дейінгі шетел валютасындағы сомалар" ерекшелік кодына келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде салық қызметі органын және/немесе мемлекеттік мекемені (шетел валютасындағы түсімдерді алушылардың төлем құжаттарында - мемлекеттік мекеме көрсетілген жағдайда) шетел валютасындағы түсімдер туралы хабардар етеді.";

297-тармақта "қазынашылық бөлімшесіне" деген сөздерден кейін "және/немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға" деген сөздермен толықтырылсын ;

314 және 315-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"314. Бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар ҚР ҰБ-дағы салымдарға (депозиттерге) (бұдан әрі - ҚР ҰБ-дағы салымдар) орналастыру үшін уақытша бос бюджет ақшасының көлемін анықтайды.

315. Уақытша бос бюджет ақшасын ҚР ҰБ-ның салымдарына орналастыру оларды ұтымды пайдалану және тиісті бюджетке кіріс түсіру мақсатында жүзеге асырылады." ;

319 және 320-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"319. Уақытша бос бюджет ақшасын ҚР ҰБ-ға аудару үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мәміле паспортының негізінде осы Ережеге 110-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытындыны және төлем құжаттарына қол қою құқығы бар уәкілетті тұлғалар қол қойған банк заңнамасына сәйкес ресімделген төлем құжатын дайындайды.

320. ҚР ҰБ-ның салымдарына орналастырылған уақытша бос бюджет ақшасы бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Ережеге 111-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша талдамалы есеп жүргізеді.";

323-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"323. ҚР ҰБ-ның салымдарына түскен және орналастырылған жергілікті бюджеттердің уақытша бос бюджет ақшасы бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Ережеге 112-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талдамалы есеп жүргізеді.";

363-тармақта "қаражатты" деген сөзден кейін "оның" деген сөзбен толықтырылсын;

366-тармақта "шоты" деген сөз "ҚБШ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

368-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"олардың өтініштері және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты негізінде жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган рұқсат беруді жүзеге асырады.";

375-тармақта "немесе тиісті бюджетке беру" деген сөздер "не белгілі бір жағдайлар туындаған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару" деген сөздермен ауыстырылсын;

378-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган олардың өтініштері және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты негізінде жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге рұқсат беруді жүзеге асырады.";

401-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Өкілдік шығыстарға бөлінген ақша қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған жағдайда бюджеттік бағдарламаның әкімшісі сыртқы саяси қызмет саласындағы орталық уәкілетті органға Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына кейіннен өзгерістер енгізе отырып, өкілдік шығындарға қаражат бөлу туралы сыртқы саяси қызмет саласындағы орталық уәкілетті органның шешіміне оның өзгерісті уақтылы енгізуі үшін өкілдік шығындарға бөлінген ақшаның пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған сомалары туралы мәліметті жібереді.";

422-тармақтың бірінші абзацының екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бірлігінің құны негізделеді, ал күрделі (қалпына келтіру) жөндеу бойынша және бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға мыналар: жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң

қ о р ы т ы н д ы с ы ;

сметалық құн 750000 (жеті жүз елу мың) айлық есептік көрсеткіштен және ағымдағы бағадан көп болған жағдайда жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың қорытындысын бекіту туралы сәулет, қала құрылысы және құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органның б ұ й р ы ғ ы ;

тапсырыс беруші бекіткен және жобалаушы қол қойған жиынтық сметалық есептеулер, жұмыс түрлері бойынша желілік есептеулер; және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттар міндетті түрде болуы қажет.";

424-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның резервінен шұғыл шығындарға бөлінген қаражатты тиісті қаулыларда көрсетілген мақсаттарға пайдалану үшін, сондай-ақ түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысына сәйкес қаражат бөлінген мемлекеттік орган жауап береді.";

472-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"472. Өнім берушінің бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың, мастер-жоспарлардың, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеудің ТЭН әзірлеуге шарт бойынша міндеттемелеріне тиісті сараптамалар өткізу нәтижелері бойынша ұсыныстар мен ескертулер пайда болған, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жобалық экономикалық сараптамасын өткізген жағдайда жобаны пысықтау үшін қайтарған жағдайда шарттың жалпы құнының шеңберінде отыз күнтізбелік күн ішінде өнім берушінің бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобаның, мастер-жоспардың, консультативтік сүйемелдеудің ТЭН-ін міндетті түрде түзету туралы талап қ а м т ы л у ы т и і с . " ;

522-тармақтың екінші абзацында "алдағы айда республикалық бюджетке түсетін түсімдердің күтілетін көлемі мен республикалық бюджет шығыстарының күтілетін атқарылуы туралы болжамдарды" деген сөздер "республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ай сайын ұсынатын және республикалық бюджет шығыстарының күтілетін атқарылуы туралы алдағы айда республикалық бюджетке түсетін түсімдердің күтілетін көлемі болжамының ақпаратын" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

599-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"599. Кезекті үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін тартылатын болжамды үкіметтік қарыздар

тізбесін қалыптастыру мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бюджетті атқару бойынша орталық уәкілетті органмен бірлесіп мыналарды анықтауын және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына ұ с ы н у ы н қ а м т и д ы :

1) жоспарлы үш жылдық кезеңге арналған сыртқы үкіметтік қарыздар, оның ішінде қарыз берушілермен келісімдер жасасу сатысындағы қарыздар бойынша қаражатты игеру тізбесі мен болжамы;

2) ішкі және халықаралық капитал нарықтарында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды қоса алғанда, жоғарыда санамаланған көздермен жабылмаған бюджет тапшылығының бір бөлігін қаржыландыру үшін өзге де болжамды қарыз алу көздері мен құралдарының тізбесі;

3) олардың дайындық деңгейін, қажетті құжаттаманың болуын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы борышының жинақталған қалдығы деңгейін, үкіметтік борышқа қызмет көрсетуді және халықаралық қаржы ұйымдарымен және қарыз беруші ел үкіметтерімен, басқа да сыртқы қарыз берушілермен өзара іс-қимылының перспективаларын ескере отырып, үш жылдық кезеңге арналған болжамды бағдарламалық және инвестициялық үкіметтік сыртқы қарыздар т і з б е с і н . " ;

612 және 613-тармақтарда "кредит берушілерден" деген сөздерден кейін " немесе донорлардан" деген сөздермен толықтырылсын;

614-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"614. Халықаралық қаржы ұйымдарының немесе басқа қарыз берушілердің (бұдан әрі - қарыз берушілер) Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін қарыз шарттары немесе байланысты грант туралы келісімдер шеңберінде қарыз қаражатын пайдалану мониторингін жүзеге асыру мақсатында бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жоба құрауыштары бөлінісінде, оның ішінде республикалық бюджеттің қаражатынан жылдар бойынша қарыз шартының немесе байланысты грант туралы келісімнің бүкіл қолданылу кезеңінде іс-шаралар тізбесін, қаржыландырудың мерзімі мен көлемін қамтитын Инвестициялық жобаны іске асыру жоспарын әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарауға және бекітуге шығарады.";

615-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) белгіленген штат саны шегінде жобаны іске асыруға жауапты құрылымдық бөлімшені анықтайды;"

622-тармақта "мемлекет кепілдік берген қарыздарды алу және пайдалану тарауы (бұдан әрі - тарау)" деген сөздер алынып тасталсын, "Осы" деген сөзден кейін "тарау" деген сөзбен толықтырылып, "іріктеу рәсімін" деген сөздер "іріктеу тәртібін" деген сөздермен ауыстырылсын;

759-тармақтың сегізінші абзацында "қосымша ақпаратты" деген сөздерден

кейін ", оның ішінде келісімшарттардың, жұмыс көлемі ведомостарының, инвойстердің, сертификаттардың электрондық нұсқасын" деген сөздермен толықтырылсын;

768 - тармақта :

екінші абзацта "тиісті кезеңге бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне бөлінген рұқсаттың" деген сөздер "ағымдағы қаржы жылына және келісілу рәсімінен кейін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелерін қабылдауға жоспарлы тағайындаулардың" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға өтінімді келісу рәсімі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының қолымен және жауапты орындаушы мөртабанының бедерімен расталады.";

781-тармақта "облигациялардың проспектісін" деген сөздер "облигацияларды шығару проспектісінің жобасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

784-тармақтың сегізінші абзацының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілген, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгерілмейді;

77-қосымшаның 5.2-тармағында "карт-шотқа" деген сөз "ағымдағы шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

осы Ереженің бүкіл мәтіні бойынша және 78, 79, 80, 87, 88-қосымшаларда "карт-шоттарды", "карт-шотқа", "карт-шоттарға", "карт-шот", "карт-шоты", "карт-шоттарына", "карт-шотты", "карт-шоттағы", "карт-шоттан", "карт-шотынан", "карт-шотына(н)", "карт шотына", "карт-шотын", "карт-шотындағы", "карт-шоттарынан", "карт-шоттары", "карт/шоттарына", "карт/шот", "карт-шоттың", "карточка-шот" деген сөздер "ағымдағы шоттарды", "ағымдағы шотқа", "ағымдағы шоттарға", "ағымдағы шот", "ағымдағы шоты", "ағымдағы шоттарына", "ағымдағы шотты", "ағымдағы шоттағы", "ағымдағы шоттан", "ағымдағы шотынан", "ағымдағы шотына(н)", "ағымдағы шотына", "ағымдағы шотын", "ағымдағы шотындағы", "ағымдағы шоттарынан", "ағымдағы шоттары", "ағымдағы шоттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

14, 15, 22 және 23-қосымшалардың кестесіндегі "Кіші бағдарлама*" деген сөздер және сілтеме алынып тасталсын;

17-қосымшаның төменгі оң жақ бұрышы "М.О." деген аббревиатурамен толықтырылсын;

18 - қосымшада :

"Республикалық" деген сөзден кейін "(жергілікті)" деген сөзбен толықтырылсын;

кестедегі "қалаларының" деген сөзден кейін ", аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

28-қосымша алынып тасталсын;

29 және 30-қосымшаларда:

Бюджеттің төлемдер бойынша және міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы N___ анықтамалардың жоғары сол жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"200_ ж. "___" _____ негізінде***"

(анықтаманы қалыптастыру күні)";

кестедегі "кіші бағдарлама***" деген баған алынып тасталсын;

үшінші сілтеме мынадай редакцияда жазылсын:

***бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімдері";

34-қосымшада "рұқсат беріледі" деген сөздер "рұқсат 200__ жылғы "___" ___ дейін жарамды" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

54-қосымшада:

жоғары оң жақ бұрышта "Бекітемін" Салық қызметі органының басшысы _____ (қолы, Т.А.Ә.) 20_ ж. "___" _____" деген сөздер алынып тасталсын;

Төлем тапсырмалары тізілімінің төменгі сол жақ бұрышы "М.О." деген аббревиатурамен _____ толықтырылсын;

66 және 67-қосымшаларда:

кестедегі "Ақша алушының атауы, СТН (БСН), ЖСК және ақша алушы банктің атауы мен БСК" деген сөздер "Ақша алушының атауы және СТН (ЖСН (БСН), ЖСК, ақша алушы банктің атауы және БСК, банктің қаласы";

74-қосымшаның кестесіндегі:

"Код ГУ" деген сөздер "ММ коды" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі _____ мәтіні _____ өзгермейді;

он бірінші жолдағы "АҚБ" деген аббревиатура "ТТК" деген аббревиатурамен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

75-қосымшада:

кестенің 6-бағанында "Төлемнің есеп шоты" деген сөздер "Сомасы" деген сөзбен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

төменгі оң жақ бұрышы "М.О." деген аббревиатурамен толықтырылсын;

76-қосымшаның жоғары оң жақ бұрышындағы "5-1-нысан" деген сөздері "5-15-нысан" деген сөздермен _____ ауыстырылсын;

81-қосымшада:

Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға өтінімнің 12 және 13-тармақтары мынадай _____ редакцияда _____ жазылсын:

"12. _____"

(бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының қолы)

13. _____";

(қол қойылған күні және жауапты орындаушы мөртабанының бедері)

83 - қосымшада :

Кассалық қызмет көрсетуге арналған шартта:

"Тараптардың міндеттемелері" деген 2-бөлімде:

2.2.2-тармақта "АҚБ-ға" деген сөздер "Мемлекеттік мекемеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2.3.3-тармақ алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 2.4-бөліммен толықтырылсын:

"2.4. Мемлекеттік мекеме:

2.4.1 Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес банкпен чектерді пайдалану туралы шарт жасасуға;

2.4.2. Шарттың 2.2.2-тармағына сәйкес бір данасына ___ теңгеден (ҚҚС қосқанда) өзінің ақшасы есебінен ақшалай чек кітапшасының құнын төлеуге;

2.4.3. Сатып алынған ақшалай чек кітапшасын тіркеу үшін оны АҚБ-ға уақтылы беруге;

2.4.4. Чек кітапшасын жоғалтқан жағдайда ол туралы чектің пайдаланылмаған бланктерінің нөмірлерін көрсете отырып, Банкі дереу хабардар етуге міндеттенеді. ";

"Тараптар құқықтары" деген 3-бөлім мынадай мазмұндағы тармақтармен толықтырылсын :

"3.3. Мемлекеттік мекеме:

3.3.1. Банкпен жасалған Чекті пайдалану туралы шарттың талаптарына сәйкес чектің пайдаланылмаған бланкілерін банкке қайтаруға құқылы";

87-қосымшаның бүкіл мәтіні бойынша "рұқсатнама" деген сөз "рұқсат" деген сөзбен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгертілмейді;

94 - қосымшада :

"(бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның коды)*", "не бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган", және "немесе Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның" деген сөздер алынып тасталсын;

"СТЖК" деген аббревиатура "СТК" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

"қайта айырбастауға", "қайта айырбастап алуға", "қайта айырбастау" деген сөздер "айырбастауға", "айырбастау" деген сөздермен ауыстырылсын;

95 - қосымшада :

"(Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның коды)*", "не бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган", және "немесе Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның" деген сөздер алынып тасталсын;

"СТЖК" деген аббревиатура "СТК" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес 112, 113, 114-қосымшалармен толықтырылсын .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енетін 1-тармақтың жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отыз алтыншы - отыз тоғызыншы, қырық екінші, қырық үшінші, елу сегізінші - бір жүз жетпіс үшінші, жүз жетпіс алтыншы - жүз сексен төртінші, жүз сексен сегізінші - екі жүз жиырма жетінші абзацтарды қоспағанда, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2009

жылғы

9

қарашадағы

№

1789

қаулысына

1-қосымша

Бюджеттің

атқарылуы

және

оған

кассалық

қызмет

көрсету

ережесіне

112-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

Бюджетті

атқару

жөніндегі

орталық уәкілетті органның басшысы

20_ж. " _ " _____

№__ҚОРЫТЫНДЫ

20_ж. " _ " _____

_____ Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің " _ " бабының __ тармағына сәйкес және 20__ жылғы " _ " №__ Салым операцияларын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын стандарт шарттары туралы бас келісімнің " _ " __ (депозиттік мәміле паспорты № 20 жылғы) негізінде төмендегі көрсетілген деректемелер бойынша №_____ Бірыңғай қазынашылық шоттан _____

т е ң г е

(санмен және жазумен)

а у д а р у ы ң ы з д ы

с ұ р а й д ы .

Салымды орналастыру мерзімі: _____ күн.

Қазақстан

Республикасы

Ұлттық

Банкі

Монетарлық

операцияларды

есепке

алу

басқармасы

А л м а т ы

қ а л а с ы

(Банктің атауы және мекен-жайы)

№

К О Д Ы

1 0 3

С Т Н _____
Б С К _____
Б К Е _ _ _
ТБК _____

Бюджетті атқару жөніндегі
орталық уәкілетті орган құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2009 жылғы 9 қарашадағы

N 1789 қаулысына

2-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және оған
кассалық қызмет көрсету ережесіне

113-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің салымдарына
(депозиттеріне) Бірыңғай қазынашылық шоттан 20__ жылы
орналастырылған ақша туралы талдамалы есеп**

(теңге)

P/c/N	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәміле паспорты	Салым сомасы	Сыйақы ставкасы	Салымның күндер саны	Мәміледегі паспорт бойынша салым аударылған күн	Мәміледегі паспорт бойынша салым қайтарылған күн	Нақты қайтарылған күн	Салымның қозғалысы		Сыйақы (м нақты алынғаны)
								Қайтару	Қалдық	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Жауапты орындаушы _____

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2009 жылғы 9 қарашадағы

N 1789 қаулысына

3-қосымша

Бюджеттің атқарылуы және оған
кассалық қызмет көрсету ережесіне

114-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің салымдарына
(депозиттеріне) жергілікті бюджеттердің бақылау шоттарынан
20__ жылы орналастырылған ақша туралы талдамалы есеп**

(теңге)

P /с N	Облыстың (қаланың) атауы ҚР Ұлттық Банкінің мәміле паспорты	Жергілікті атқарушы орган мен мәміле паспортының N	Салым сомасы	Сыйақы ставкасы	Салымның күндер саны	Жергілікті атқарушы органмен мәміле паспортына сәйкес салым аударылған күн	Жергілікті атқарушы орган мен мәміле паспортына сәйкес салым қайтарылған күн	Нақты қайтарылған күні	Салымның қозғалысы		Сы нағ аль
									Қай тару	Қалдық	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Жауапты орындаушы _____